



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 2 қараша

«Азия Life» Өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ-на (жаңа атауы «Freedom Finance Life» Өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ) сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына берілген лицензияның қолданылуының үш ай мерзімге тоқтатылуы туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Азия Life» өмірді сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы туралы» 2018 жылғы 29 қазан № 239 қаулысына (№239 Қаулы) сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген пруденциялық нормативтердің талаптарын сақтамағаны үшін «Азия Life» өмірді сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамына (жаңа атауы «Freedom Finance Life» Өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ)* (бұдан әрі – «Азия Life» ӨСК» АҚ) «өмірді сақтандыру» саласында сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына берілген 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 2.2.48 лицензияның (бұдан әрі – Лицензия) қолданылуы:

- аннуитеттік сақтандыру;
- қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру (бұдан әрі – ЖОМС) бөлігінде 3 (үш) ай мерзімге тоқтатылды.

«Азия Life» ӨСК» АҚ-қа Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру мерзімі аяқталғанға дейін қолданыстағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын ұзартуды және сақтандыру сыйлықақыларын, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жауапкершілігінің көлемін ұлғайту көзделетін оларды өзгертуді қоса алғанда, жаңа сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын жасасуға, сондай-ақ аннуитеттік сақтандыру және ЖОМС бойынша сақтандыру агенті ретінде сақтандыру делдалдығын жүзеге асыруға тыйым салынады.

Бұрын жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша «Азия Life» ӨСК» АҚ өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындауға міндетті.

Лицензияның аннуитеттік сақтандыру мен ЖОМС бойынша қолданылуы №239 Қаулының «Азия Life» ӨСК» АҚ-қа жіберілген күннен бастап тоқтатылған болып есептеледі (2018 жылғы 31 қазан).

** компанияның аты өзгеруіне байланысты «өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына берілген лицензияны қайта ресімдеу талап етілед*

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мынадай телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz